

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

Менің

УНИВЕРСИТЕТІМ



*С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университетінде
жаңа оқу жылы салтанатты түрде басталды*



2018 жылы 5 қыркүйек күні Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде 2018-2019 жылғы жаңа оқу жылының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шара барысында егемен еліміздің көк байрағы сахна төріне көтеріліп, мемлекеттік әнұран шырқалды.

Университет жаңа оқу жылын биыл да табысты бастады.

Студенттер қатары 3200-ден астам жас түлекпен толығып, жоғары оқу орны 1717 білім грантын жеңіп алды.

Мемлекеттік грант иегерлері атанған магистранттар саны 545 адамға жетті. Ал докторанттардың саны өткен оқу жылына қарағанда екі есеге өсіп, мемлекеттік грант негізінде 40 докторант оқуға қабылданды.

Салтанатты жиын шымылдығын Басқарма Төрағасы Ақылбек Күрішбаев ашып, 1-курс студенттеріне жылы лебіздерін білдіріп, білім жолына сәттілік тіледі.

«Университетте студенттердің сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Университетте электронды кітапхана, спорт залы тұрақты жұмыс істейді. Университеттің барлық жатақханалары күрделі жөндеуден өтті» - деді университет ректоры Ақылбек Қажығұлұлы.

Қазіргі таңда оқу орны әлемнің 20-дан астам елдердің жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу орталықтарымен халықаралық байланыс орнатқан. Олардың қатарында Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Қытай, Германия, Чехия, Жапония сияқты алып мемлекеттер де бар. Ол елдерде ҚАЗАТУ-дың 1000-ға жуық оқытушылар мен студенттері білімдерін арттырып, ғылыми тәжірибеден өтуде.

Шара соңы концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, шығармашыл студенттер өз өнерлерін ортаға салды.



Республиканский форум «Партнерство Университета и работодателей в подготовке кадров для реального сектора экономики» в КазАТУ



21 сентября 2018 года в Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина состоялся Республиканский форум «Партнерство Университета и работодателей в подготовке кадров для реального сектора экономики».

В мероприятии приняли участие Заместитель Председателя Мажилиса Парламента РК Божко В.К., депутат Сената Парламента РК Акимов Р.К., депутаты Мажилиса Парламента РК, Председатель Правления АО «КазАТУ им.С.Сейфуллина» Куришбаев А.К., заместители акимов областей, акимы районов, более 150 представителей отечественного и зарубежного агробизнеса, ассоциаций, а также представители общественных организаций и политических партий.

Председатель Правления Куришбаев А.К. во вступительном слове кратко рассказал о работе коллектива по модернизации системы подготовки кадров, основанной на опыте ведущих вузов мира, о разработке «портрета выпускника» при поддержке зарубежного партнера университета Калифорнии в Дэвисе (США) с учетом предложений работодателей; об изменении системы управления университетом.

Заместитель Председателя Мажилиса Парламента РК Божко В.К. в своей речи отметил, что выпускники вузов, обучившиеся по государственным грантам, обязаны отработать 3 года по направлению и предложил на базе КазАТУ создать курсы по переподготовке акимов районов и сельских округов.

В ходе форума выступили Председатель Правления "Мясо-молочного союза Казахстана" Иван Сауэр, Председатель Правления АО "Атамекен-Агро" Кинталь Исламов, Президент ОЮЛИП "Союз картофелеводов и овощеводов" Кайрат Бистаев, Президент ОЮЛ "Зерновой Союз Казахстана" Нурлан Оспанов. Также прошел полноценный диалог между партнерами, работодателями, сельхозтоваропроизводителями и предпринимателями.

Партнеры КазАТУ готовы принять на производственную стажировку преподавателей и докторантов для проведения научных исследований, улучшения технологии и экономики своего бизнеса. Ученые КазАТУ готовы создавать проекты в регионах по цифровизации деятельности хозяйств, оказывать практическую помощь субъектам АПК и научному сопровождению сельхозтоваропроизводителей.

Сегодня КазАТУ им.С.Сейфуллина становится технопарком для своих партнеров и инкубатором кадров, обладающих предпринимательскими компетенциями, приступает к зональному сопровождению проектов своих выпускников, готовит стратегическую программу партнерства по подготовке кадров для отечественного сектора экономики.

В рамках форума прошло открытие консультационно-финансового центра, профинансированного Аграрной кредитной корпорацией, посещение выставки научных достижений КазАТУ и научно-экспериментальной платформы агроинженерии.

ҚазАТУ әскери кафедрасына 60 жыл



2018 жылы 26 қыркүйек күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде әскери кафедраға 60 жыл толуына орай мерекелік шара өтті.

Мерейтойлық жиынға Басқарма Төрағасы А.Қ.Күрішбаев, Әскери кафедра бастығы Т.А.Дуламбаев, ҚР Қорғаныс министрлігі өкілдері, ЕҰУ, ҚазМЗУ, Астана медициналық университеті әскери кафедраларының басшылары, факультет декандары, оқытушылар мен студенттер қатысты.

ҚазАТУ әскери кафедрасы 1958 жылдың қыркүйегінде құрылды. Осы уақыт аралығында он мыңдаған резервтегі офицерлерді оқытып шығарды.

Іс шара саптық алаңнан бастау алды. Әскери кафедраның бастығының баяндамасынан кейін жеке құрам Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады. Оқу батальоны сабының алдында кафедраның мерейтойына байланысты өткізілген әртүрлі сайыстарға қатысқан үздік жеңімпаз студенттер марапатталды.

Салтанатты жиын шымалдығын университет ректоры Ақылбек Қажығұлұлы құттықтау сөзімен ашып, кафедра тарихы мен материалдық базасын тілге тиек етті.

Сондай-ақ әскери кафедраның 60 жылдығымен Қорғаныс министрінің ғылым жөніндегі кеңесшісі А.Н.Түлембаева, Түлектер клубының төрағасы Ж.Е.Нүркенов, әскери кафедра ардагері М.С.Авдеенко, ардагер түлектер және қонақтар құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Қонақтарға, ардагерлер мен түлектерге және университеттің факультет декандарына «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ әскери кафедрасына - 60 жыл» мерейтойлық медалі табыс етілді. Жиналған көрермендерге әскери кафедраның күнделікті қызметі және танымал түлектері туралы бейнежазба ұсынылды. Іс-шараның соңы әскери кафедра ұжымы дайындаған көркемөнерпаздар концертімен аяқталды.



Фотоны түсірген: Тойлыбек Нұрбек

Жайдарман ойындары өтті



2018 жылдың 25 қыркүйек күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Концерт залында факультетаралық Жайдарман ойындары өтті. Бұл ойынның ерекшелігі қатысушы командалар құрамы 1-курс студенттерінен құрылды.

Кеш шымылдығын дәстүр бойынша Ақылбек Данабекұлы өзінің ерекше әнімен ашты. Көңілді шара 2017 жылдың жеңімпаздары «Жаңа Тех» командасының ойынымен жалғасты. Ойын барысында кіл мықтылардан құралған 8 команда жарысқа түсті. Қоғамда, студенттер өмірінде көрініс тапқан түйінді түйткілдерді астарлы әзіл-қалжыңымен жеткізуге тырысқан командалар өз өнерлерімен жоғары деңгейдегі дайындықтарын көрсетті.

Сайыс сапалық жағынан жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сайысқа университетіміздің Жоғарғы лига финалисті «Боранқұл» құрамасының капитаны (Маңғыстау облысы, Боранқұл ауданы) Нұрбол Сағидуллин, Премьер лига чемпионы, Жоғарғы лига финалисті «Апорт» жайдарман тобының капитаны (Алматы қаласы) Адән Орынбай, Университет түлегі, «Аграрка сарбаздары» КВН командасының ойыншысы Ануар Абдрайымов және Серікқали Дидар, Ресей мемлекеті Казань қаласы КВН

ойындарының үздігі «Қорғалжын құрамасы» Көлбай Айтмұғамбет қазылық етті.

Тартысты сайыс нәтижесінде 1-орынды өте жоғары деңгейде өнер көрсеткен Техникалық факультетінің командасы «Тех қыздары» командасы жеңіп алса, 2-орынды Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультетінің «Біздің нұсқа» құрама командасы, 3-орынды Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің «КСИПО құрамасы» командасы иеленді. Ал «Үздік ойыншы» номинациясын Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультетінің 1-курс студенті Алихан Ернарұлы қанжығасына байлады.

Сондай-ақ, ойын соңында Университеттің жайдарманшы түлектері 1-курс жайдарманшыларын «Ержан Жұмағазин» атындағы стипендия тағайындау туралы керемет жаңалықпен қуантты. Келесі ойындарда студенттер ереже бойынша құжаттар тапсырып, үздіктер анықталатын болады.

Өз тілшіміз





Ақпараттық қаржы орталығы ашылды



«Экономиканың нақты секторы үшін кадрлар даярлауда университет пен жұмыс берушілердің серіктестігі» форумы шеңберінде қыркүйек айында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің экономикалық факультетінде "Қаржы" кафедрасының ПОҚ ұйымдастыруымен "Аграрлық несиелік корпорациясы" АҚ қаржылық қолдауымен Ақпараттық қаржылық орталық ашылды.

Орталықты "Аграрлық несиелік корпорациясы" АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасары Ергалиева Гульмира Конусбаевнаның салтанатты түрде ашып берді. Алдағы уақытта студенттерге дуалдық оқытуды дамыту мақсатында қызмет етеді. Оның негізгі мақсаты бойынша орталықта "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ және басқа банктердің өнімі бойынша консультациялық қызметтер көрсете алады. Сонымен қатар салық төлеушіні тіркеу, декларациялар толтыру және тағы басқа ҚР салық жүйесі бойынша барлық сұрақтарға жауап беруге дайын.

Студенттердің алған теориялық білімдерін алған тәжірибелеріне сәйкестендіру үшін осы орталықтың көрсететін қызметін нақтылау (толықтыру) үшін элективті пәндер каталогына "Несие ісі" пәні арнайы қосылды. Яғни, бұл орталықта студенттер жеке және заңды тұлғалардың несиелік қабілеттілігін анықтай және бағалай алады. Қаржы саласының қызметкерлері, атап айтқанда, әртүрлі банк бөлімшелерінің бастықтары, салық жүйесіне қызмет көрсетушілер, сақтандыру компанияларының агенттері, несиелік корпорациялар мен мекемелердің өкілдері және т.б. аталған орталыққа келіп, өз бағытында дәрістер оқи алады. Атап айтқанда, 12 және 19 қазан күндері Аграрлық несиелік корпорациясының өкілдері тарапынан несиелік қызметтер көрсету туралы дәріс оқылады, ал 9 және 16 қарашада Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің қызметкерлері банктің тұрғын үй құрылыс саласындағы банк өнімдері бойынша толық ақпараттар мен кеңестер береді.

Ақпараттық қаржы орталығы университеттің бас ғимаратының 4-қабатындағы 1428 аудиториясында орналасқан.

*Экономикалық факультет
Қаржы кафедрасы*



Маркетинг изменит мир!

Сегодня маркетинг окружает нас повсюду. И сегодня мы хотим немного рассказать, о том, как маркетинг изменил наш мир.

Наши пра-праотцы, живя в пещерах и охотясь на мамонтов, наверное, и не могли подумать о том, как развитие коммуникаций поменяет весь мир, отношения между людьми, и как они станут двигателем человеческого прогресса.



С развитием письменности и книгопечатания (здесь скажем спасибо Гутенбергу) локальный характер коммуникаций перерос рамки местных территорий и уже в нынешнем «цифровом» веке благодаря технологическим революционным решениям мы стали жить с вами в «большой деревне».

Произошла трансформация самой формы сообщения. Если раньше важно было само сообщение, то в эпоху новой сетевой экономики с развитием аудио-видео визуализации большое значение приобретает авторство сообщения. Сегодня маркетинг – это сознательная авторская работа с потребителями, работа с разумом клиентов.

Закон сознания гласит: «Лучше первым войти в сознание, чем первым выйти на рынок». Маркетинг – это наука, направленная на изучение, практическое воплощение работы с сознанием и разумом людей с помощью различных маркетинговых инструментов и технологий.

К примеру, IBM не первой появилась на рынке со своим универсальным компьютером. Remington Rand была первой с компьютером UNIVAC. Но благодаря массивной рекламной кампании, IBM первой вошла в сознание и стремительно выиграла компьютерную битву.

Спросите, как всеми узнаваемый бренд Apple вошел в сознание миллионов людей? Полный ответ на этот вопрос, наверное, выйдет за рамки этой статьи. Но как маркетологи мы можем сказать, возможно, секрет в удачном нейминге? В те далекие деньки 5 индивидуальных компов стояли на стартовой позиции: Apple II, Commodore Pet, IMSAI 8080, MITS Altair 8800 и Radio Shack TRS-80. Спросите себя, какое из этих заглавий самое обычное и идеальнее всего запоминается?

Ставка на креатив и на необычные решения, знание психологии людей приходят в помощь маркетологу в его деятельность по внедрению в сознание потенциальных потребителей.

Знаменитый фактический основатель и CEO Starbucks Говар Шульц лично велел убрать из меню разогреваемые сэндвичи, потому что их запах перебивал запах кофе. В отличие от большинства других кафе в Starbucks акцент делается именно на кофе. Г. Шульц хотел, чтобы Starbucks стала третьим местом для людей. Местом между домом и работой. И, надо сказать, что он реализовал свою мечту.

Работа с персоналом стала предметом отдельного креатива – к примеру, в Китае, где очень сильны семейные традиции, Starbucks устраивал корпоративы не только для сотрудников, но и для их родителей. Чтобы Starbucks выглядела в глазах потребителей не только пожирающей все на своем пути акулой, в годы, когда все экономили на социальном пакете, Шульц, наоборот, увеличил вдвое расходы на медицинское страхование для сотрудников (до 250 млн долларов в год). Это все в рамках социально-ориентированного маркетинга.

Маркетинг сегодня – это знать, чего хотят ваши клиенты. По словам сотрудников компании Apple, самыми страшными словами для Стива Джобса, которые он ненавидел, были «маркетинг» и «бренд». По его мнению, люди ассоциировали эти слова с телевидением и рекламой. Но самой главной вещью Джобс считал – отношение человека к продукту.

Apple относилась к своим кампаниям, как к возможности рассказать потребителям о своих продуктах, через призму того, как их использование могло сделать жизнь лучше. Важным было то, что команда по маркетингу очень плотно сотрудничала с разработчиками. Это позволяло маркетологам понимать, чего хотели достичь разработчики, их мотивации и то, как продукт, по их мнению, должен был повлиять на жизни людей.

Получается, Стив Джобс стал одним из самых известных маркетологов вопреки своей неприязни к маркетингу. Такая вот ирония судьбы.

Даже разные компании могут создавать общие бренды. Когда Nike и Apple Inc поняли, что у них общие клиенты (любители спорта и музыки), они объединились и создали единое решение для них: появилась спортивная одежда, приспособленная под iPod (специальные карманы для плеера, возможность передавать на плеер данные с датчиков на теле и на кроссовках и пр.). Чтобы создавать аналогичные решения, маркетологи должны знать и представлять себе, кто их клиенты, как они используют продукцию компании, какие еще потребности являются для них ключевыми.

Таким образом, знать своих клиентов, сделать их жизнь лучше. Уметь донести до потребителя свой товар или услугу должным образом, уметь меняться с течением времени. Вот, что можно вынести из сегодняшней беседы и что непременно нужно знать маркетологам.

«Вы не можете просто спросить клиентов о том, что им нужно, ведь к тому моменту, пока вы это сделаете - они будут хотеть что-то новое» - Стивен Пол Джобс. Да, работы для маркетологов будет много, и она будет интересна, ведь покорять мир нелегко!

Әрбір студенттің көңілінен шыққан біздің жатақхана!



Ия, өзге өңірден келген білім алушылар үшін жатақханаға орналасу - бірінші мәселе. Осы тұста, біздің оқу ордамыз студенттерді жайлы жатақханамен қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасап отыр.

Қазіргі таңда С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде 6 жатақхана студенттерге қызмет көрсетуде. Жатақхана кезегі электрондық портал арқылы жүзеге асады. Басқа өңірден келген студенттердің саны 5624 құрады, ал оның ішінде сұраныс білдіргендердің 85% жатақханамен қамтамасыз етілді. Әрине, жатақханаға орналастыру кезінде ең алдымен әлеуметтік санаттағы студенттер бірінші болып орналастырылады.

Әр жатақханада студенттердің тұрмыстық-әлеуметтік сұраныстарына қатысты барлық жағдай жасалған. Атап айтатын болсақ, асхана, сабаққа дайындалу бөлмесі, кір жуатын бөлме, төлем-ақы жасайтын терминалмен қамтамасыз етілген және әрбір бөлме жоғарғы жылдамдықты интернет желісіне қосылған.

Студенттер үшін 10% жеңілдікпен студенттік дәріхана және «Студент» дүкені қызмет көрсетуде. Білім алушылардың денсаулығын жедел бақылау мақсатында жатақхана маңында студенттік емхана өз қызметін атқаруда.

Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы! Оқу ордамыздың барлық жатақханалары дене шынықтыру бөлмелерімен қамтамасыз етілген және әртүрлі спорттық ойындар бойынша лигалар құрылып, жатақханааралық жарыстар ұйымдастырылып отырады.

Сонымен қатар, жатақханада өзін-өзі басқару құқығына ие Студенттік кеңес жұмыс жасайды. Жатақханада жастардың бірлігін, шығармашылық, белсенділіктерін арттыру мақсатында әртүрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады.

Біздің жатақхана, әрқашан білімді игеріп, болашақ маман атану үшін еңбек етіп жүрген жастардың көңілінен шыққан ең жайлы мекен!!!



Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент



ҚазАТУ-дың картобын айт



Биылғы жыл да ҚазАТУ-лықтар үшін жемісті жыл болды. Бұған мысал ретінде студенттрдің өз қолымен жинаған картоп өнімін айтуға болады. Ғалымдар өсірген мол өнімді жаңа сұрып, университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлеріне ең төмен бағамен сатылды. Бір келісі небәрі – 35 теңге. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы аз қамтылған студенттерге тегін үлестірілді. Бұл жетістіктің бәрі әрине ерінбей еңбек етудің арқасында, дегенмен өсіру технологиясына баса назар аударатын жайт. Осыған орай айта кеткім келеді, 2015 жылдан бері жаңа технология негізінде құрылған

университеттің ғылыми-тәжірибелік кампусы Ақмола облысында жұмыс істейді. Соңғы үш жылдың ішінде 1150 гектардан картоптың, бидайдың және тағы басқа дәнді-дақылдың жаңа түрін алдық.

Ал биыл жиналған жаңа сұрыпты картоп өткен жылмен салыстырғанда өзінің көрсеткіштерімен баршамызды қуантуда.

Істеген ісің алға басу үшін, ең алдымен бағытты дұрыс таңдау керек, содан кейін сол істі дамытудың тиімді тәсілдерін жан-жақты қарастырып, әрі қарай әрекет ету керек.

Осылайша қолда бар алтынның қадірін білетін болсақ, алда үлкен жетістіктерге жетуге болады. Бүгінгі жасалған іс бір адамның ғана еңбегі емес. Мәселен осы жетістіктің өзі ҚазАТУ-лықтарға жаңа бір күш беріп, басқалар алдында кеудесін керіп, мақтана жүруіне мүмкіндік сыйлап отыр. Лайым осындай жетістіктер көп болғай!

Тілішіміз Айтбай Әдемі



*Нұрғалиқызы Жанерке
Агрономия факультетінің 1 курс студенті
Түркістан облысы, Шымкент қаласы,
Қазығұрт ауданының тумасы*

Бұлтты аспан

Сәуле шашқан нұрлы күн, ашық аспан.
Көк аспанға сән беріп құстар ұшқан.
Кеудесінде жаны бар жыбырлауда,
Күнмен бірге жүздерін жылу басқан.

Бір сәтте күн түнеріп қала берген,
Күн бетін қара бұлттар жаба берген.
Қара бұлт жаудырғанда мөлдір моншак,
Кей пенде мұңды әнге сала берген.

Пенде тілейді ашық болса аспаным деп,
Ақ жауынсыз жерге құар қайдан келмек?
Жер құнары, жер байлығы жерден емес
Қателеспе, жерге байлық көктен келмек.

Көктен нұрын төгеді бұлтты аспан.
Жер құнарлы, көгеріп гүлін ашқан.
Құдіретті Алланың бір тамшысы,
Малда тойып, қазанда сүті тасқан.

Сәуле шашқан нұрлы күн, ашық аспан,
Көк аспанға сән беріп құстар ұшқан.
Нұрын төксе зау көктен күн шұғыла,
Жердің үсті жайқалар құты қашқан.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,

16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.

Редакторы - Б.Хабай, шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Б. Жұмабайқызы,

Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,

редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция қозқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.